ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ПАРЛАМЕНТТІК АССАМБЛЕЯСЫ

ҚОРШАҒАН ОРТА, ТАБИҒИ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ

ОНЫНШЫ ОТЫРЫС

2025 жылғы 14 наурыз

Бішкек

ҰСЫНЫМДАР

ТҮРКПА-ҒА МҮШЕ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ КОНТЕКСТІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЖАСЫЛ ӘЛЕМ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

Парламенттік Ассамблея**:**

2030 жылға дейінгі күн тәртібін және оның ТДМ әлемді инклюзивті дамудың тұрақты жолына қоюдың жаңашыл жаһандық міндеттемесі ретінде ***есепке ала отырып***;

ТМД тиімдірек іске асыруға қолдау көрсетудің стратегиялары мен тетіктерін анықтаудағы парламенттердің белсенді рөлін ***атап өте отырып***;

Апатқа дайындықты және тиімді әрекет ету күш-жігерін арттыру үшін 2015–2030 жылдарға арналған Апаттар қаупін азайту жөніндегі Сендай Негіздемелік бағдарламасына ***баса назар аудара отырып***;

Сондай-ақ климаттың өзгеруінің шұғыл қаупін тиімді шешу үшін Париж келісіміне ***баса назар аудара отырып***;

Мүше парламенттердің халықаралық және өңірлік ұйымдармен өзара іс-қимылы арқылы ТМД саласындағы ынтымақтастықты ***атап өте отырып***;

ТҮРКПА-ның парламентаралық үйлестіруді күшейту арқылы 2030 жылға дейінгі күн тәртібін іске асыруды қолдау жөніндегі күш-жігеріне берік сенімді ***көрсете отырып***;

Планетаның экономикалық, әлеуметтік және экологиялық тұрақты болашағы үшін адамдардың, үкіметтердің, азаматтық қоғамның және жеке сектордың кең альянсының қызметін ***қолдай отырып***;

ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттердің тиісті институттарының жетістіктерін бекітуге бағытталған күш-жігерді ***құптай отырып***;

ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттер қосылып, қабылдаған осы саладағы халықаралық конвенциялар мен заңдарды ***еске сала отырып***;

Парламенттік комитеттердің өзара іс-қимылын парламентаралық ынтымақтастықты дамытудың маңызды құралы ретінде және осы тұрғыда ТҮРКПА аясындағы тиісті комитеттер отырыстарының маңыздылығын ***атап өтіп***;

ТҮРКПА мүше мемлекеттердің парламенттеріне келесіні ұсынады:

a) «Нөлдік қалдықтар» бастамасы сияқты қалдықтарды басқару, қайта өңдеу технологиялары және қалдықтарды ресурсқа айналдырудың аймақтық стратегияларын әзірлеуде бірлесіп жұмыс істейтін қалдықтарды энергияға айналдыру бастамалары бойынша бірлескен саясатты *іске асыру*;

b) парламенттер ТДМ жүзеге асыру бойынша озық тәжірибе алмаса алатын іс-шараларды *ұйымдастыру*;

c) биоәртүрлілік пен экожүйелерді сақтай отырып, азық-түлік қауіпсіздігін жақсартатын тұрақты ауылшаруашылық тәжірибелерін *ілгерілету*;

d) ормандарды, сулы-батпақты жерлерді, жойылып кету қаупі төнген түрлерді, олардың мекендейтін жерлерін және өңірлік биоәртүрлілікке ықпал ететін басқа да өмірлік маңызды экожүйелерді қорғауға, тұрақты басқаруға және қалпына келтіруге баса назар аудара отырып, биологиялық әртүрлілікті сақтау бойынша ынтымақтастықты *нығайту*;

e) тұрақты даму және оның проблемалары мен жасыл әлем туралы қоғамның түсінігін арттыру үшін экологиялық білім беру және әлеуетті арттыру бағдарламаларын *қолдау*;

f) ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттерді көміртегі іздерін азайтуға және жақсырақ қоғамдық көлік жүйелері, жасыл кеңістіктер және энергияны үнемдейтін ғимараттары бар жасыл қалаларда тұрақты өмір сүруге жәрдемдесу үшін *ынталандыру*;

g) климаттың өзгеруіне байланысты саны мен қарқындылығы артып келе жатқан табиғи апаттарға төзімділікті арттыру және дала өрті, су тасқыны мен су басу және басқа да төтенше жағдайлар кезінде апаттар қаупін азайту және апаттан кейінгі әрекет ету тәжірибесімен бөлісу үшін өңірлік ынтымақтастықты *арттыру*;

h) орнықты дамуға қол жеткізу үшін климаттың өзгеруіне бейімделу қызметін *күшейту*;

i) таза энергияға көшуге *жәрдемдесу* және осы тұрғыда экологиялық тұрақтылықты және жасыл экспансияны қамтамасыз етудегі атом энергетикасының рөлін *қарастыру*;

j) тұрақты тұтыну мен өндірісті *қабылдау* және *ынталандыру*;

k) су ресурстарын *қорғау* және сапасын *арттыру*, суды үнемдеу-пайдалану балансын ескере отырып қысқа, орта және ұзақ мерзімді перспективада үнемді пайдалануды қамтамасыз ету;

l) шығындар мен пайда арақатынасының ең жоғары деңгейін ескере отырып, тазартылған ағынды суларды қайта пайдаланудан бастап өңделген шламды кәдеге жаратуға дейін ағынды суларды басқаруға кешенді түрде жақындай отырып, баламалы су ресурстары тәсілімен өндірілетін ағынды суларды *тазарту*;

m) ТҮРКПА-ға мүше елдер арасында шөлейттенумен, жердің тозуымен және құрғақшылықпен күресу бойынша біліммен, тәжірибемен және озық практикалармен *алмасу*.